

«Бекітілді»

Педагогикалық кеңестің
мәжілісінде *Асқар*

«*28*» *08.* 2023ж.

Мектеп директоры:

Асқар К.Асанова

**«Ақмола облысы білім басқармасының
Қорғалжын ауданы бойынша білім бөлімі
Жантеке ауылының жалпы орта білім беретін
мектебі» КММ-ның 2023-2024 оқу жылына
арналған оқу-тәрбие жұмысының жылдық
жоспары**

МАЗМҰНЫ

- I бөлім:** Өткен оқу жылының қорытынды талдауы
- II бөлім:** Тегін жалпы білім беруге бағытталған мектеп әрекетін ұйымдастыру
- III бөлім:** Педагогикалық кадрлармен жұмыс
- IV бөлім:** Оқу-тәрбие жұмысын педагогикалық және методикалық бақылау
- V бөлім:** Оқу-тәрбие үрдісіне басшылық ету
- VI бөлім:** Ата-аналармен, отбасымен және қоғамдық ұйымдармен, демеушілермен жұмыс
- VII бөлім:** Материалдық-техникалық базасын нығайту және шаруашылық жұмыс
- VIII бөлім:** Инклюзивті білім беру
- IX бөлім:** Қауіпсіздікті сақтау шараларын жүзеге асыру

Жантеке ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің 2022-2023 оқу жылындағы жылдық есебі

2022-2023 оқу жылын 140 оқушы аяқтады. Озат оқушы - 25, екпінді - 54. Жалпы мектеп бойынша білім сапасы – 63,7 % құрайды.

1 сыныпта 16 оқушы оқиды.

2 сыныпта 9 оқушы, білім сапасы 89% .

3 сыныпта 12 оқушы, білім сапасы 91 % .

4 сыныпта 18 оқушы, білім сапасы 56%.

1-4 сыныптар арасында 55 оқушы бар. Білім сапасы 78 % -ды құрайды.

5 сыныпта 16 оқушы, білім сапасы 50 %.

6 сыныпта 20 оқушы, білім сапасы 50%.

7 сыныпта 16 оқушы, білім сапасы 62,5 %.

8 сыныпта 13 оқушы, білім сапасы 62%.

9 сыныпта 9 оқушы, білім сапасы 67%.

5-9 сыныптар арасында 74 оқушы бар. Білім сапасы 58,3 % -ды құрайды.

10 сыныпта 5 оқушы, білім сапасы 60%.

11 сыныпта 6 оқушы, білім сапасы 83 %.

10-11 сыныптар арасында 11 оқушы бар. Білім сапасы 71,5 % -ды құрайды.

Жаратылыстану бағытындағы пәндер көрсеткіші: Математика - 77%, алгебра - 73%, геометрия -75%, физика -81%, химия - 63%, биология 86%, география – 73 %, информатика - %, Осы пәндердің орташа пайыздары – 75%.

Гуманитарлық бағытындағы пәндер көрсеткіштері: қазақ тілі – 72 %, қазақ тілі орыс сыныбында – 100%, орыс тілі – 78 %, Орыс тілі орыс сыныбында– 100%, қазақ әдебиеті - 73 %, ағылшын тілі – 77%, қазақстан тарихы– 83 %, дүниежүзі тарихы– 100 %. Осы пәндердің орташа пайыздары – 87 %.

2022-2023 оқу жылының басында өз біліктілігін көтеру барысында екі мұғалім Көкшетау қаласының, Өрлеу біліктілік орталығынан курстан өтті. Олар Сагинаева Г.С, Досымбекова Ж.Ш. Тақырыбы: Өз пәндерінің күзiреттілігін арттыру.

2022-2023 оқу жылында қыркүйек айының соңында қашықтықтан республикалық «Үздік педагог» байқауы өтті. Байқауға 3 мұғалім қатысты.

2022-2023 оқу жылында 19.10 аралығында «Бастауыш сыныптар арасында 2-4 сыныптар арасында мектепшілік олимпиада ұйымдастырылды. Барлығы 12 оқушы қатысты. Ұйымдастырушылар Ильясова Г.Н мен Нуржигтова Г.О. Қазылар алқасы: Төлеубекова А.Н, Сагинаева Г.С. Соңында Жеңімпаздар марапатталып, сыйлықтар табысталды.

Сонымен қатар «Бастауыш сынып мұғалімдері әдістемелік отырыс» болып өтті. Отырыста білім сапасы мен әр түрлі мәселелер қозғалды.

Ұсыныс: Бастауыш сынып оқушыларына осындай олимпиадалар өткізіп отыру.

2022-2023 оқу жылында қазан айының соңында аудандық «Үздік бастауыш мұғалім» байқауы өтті. Байқаудан 2 орынға бастауыш сынып пәнінің мұғалімі Асанова Марал Абдулхамитовна жеңіп алды. Марал Абдулхамитовнаға алдағы уақытта кәсіби шығармашылық тілеймін.

Қазан айында «Кенгуру - математика барлығы үшін» интеллектуалды ойынында 3а сынып оқушысы Саутжан Айару 3 орынды иеленді. 2а сынып оқушысы Мықтыбай Жантілеу сертификат иеленді.

2022-2023 оқу жылында қараша айында мектепшілік 2-4 сынып арасында «Абай оқулары» болып өтті. Ұйымдастырушылары Нурабаева Гулшат Каулановна, Мустафина Нургуль Ермековна. Сайыстың қорытындысында ерекше жақсы нәтиже көрсеткен және Абайдың қара сөздері бойынша 1 орын Жүніс Мақпал, Абай өлеңдері бойынша Таңырберген Жансезім, Абай әндері бойынша Мықтыбай Жантілеу, Сержант Санжар, Смағұл Серікболсын иеленді. Сайысқа қатысқан оқушылар грамоталармен, сыйлықтар табысталды.

Қарашаның 17 - сі күні мектепшілік 8-11 сынып арасында пәндік олимпиада болып өтті. Оған қазақ тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі, орыс тілі, математика, Қазақстан тарихы, география, биология, дүниежүзі тарихы, құқық негіздері пәндері бойынша болып өтті. Аудандық кезеңге 11 оқушы өтті.

Желтоқсанда айында аудандық пәндік олимпиада 5-6 сынып арасында болып өтті. Оған 10 оқушы қатысты. Жұлделі орындарға ие болған 5 сынып бойынша қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен 2- орын Уралова Мадина, 3-орын орыс тілі пәнінен Төкен Аяулым, 6 – сынып бойынша 2- орын Қазақстан тарихы пәнінен Бикен Жансая, 3-орын қазақ тілі пәнінен Жақсылық Алтынгүл марапатталды.

Қараша айында Облыстық Целиноград ауданында өткен «Жас тарихшылар мен өлкетанушылар байқауына» 9 сынып оқушысы Мұхтар Әліби қатысып жүлделі 1 орынды жеңіп алды. Жетекшісі: Қошқарбаева Маржан Болатқызы. Байқауда грамоталармен және сыйлықтар табысталды.

Қараша айында мектебімізде «Ерекше білім беруді қажет ететін балаларға көмек көрсетуді қолдау кабинетінің ерекшеліктері мен принциптері» тақырыбында аудандық семинар болып өтті. Семинарда Балгожина Б. С, Смагулова Ж.Г, Тынысбек Ж. Ж. өз тренинг-сабақтарын көрсетті.

Желтоқсанда аудандық «Бала би» шешендік байқауы өтті. Байқауда 6 сынып оқушысы Бикен Жансая, Жаксалаг Алтынгүл 3 орын иеленді. Жетекшісі Төлеубекова Алтын Нуртаевна.

Желтоқсанда Амангелді ОМ 3-4 сынып арасында олимпиада болып өтті. Олимпиадада 4 сынып оқушысы Танирберген Жансезім 3 орынды жеңіп алды. Жетекшісі Нурабаева Гулшат Каулановна.

Желтоқсанда «Мектепалды даярлық тобының» Көңілді сайыс ойын сабағы болып өтті. Оқушылар топқа бөлініп сайысқа түсті. Сабақ соңында «Денсаулық» тобы жеңіске жетті.

Щучинск қаласында «Педагог – дефектологтың кәсіби қызметінің негізгі аспектілері» тақырыбында республикалық семинарға Балгожина Б. С, Смагулова Ж.Г, Тынысбек Ж. Ж. қатысты.

Аудандық «Нұр -Қорғалжын» газетінің ұйымдастыруымен «Жас автор» байқауы болып өтті. Байқауда 9 сынып оқушысы Мұхтар Әліби 3 орынды жеңіп алды. Жетекшісі: Нығыманова Шолпан Елтаевна.

Желтоқсанда аудандық Арықты ОМ «Қазақстан эрудиті» олимпиада болып өтті. Жарыста 2 орын жеңіп алған Жанайдар Асылзат, 3 орын Шарипжан Айзере иеленді. Жетекшісі Ищанова Гулим Мунтевна.

2022-2023 оқу жылында 7-8 сынып арасында аудандық жалпы пәндер олимпиадасында Жаманбаева Айым математика пәні бойынша 2 орын иеленді.

Аудандық 9-11 сынып арасында пәндер арасында Мұхтар Әліби Қазақстан тарихы пәнінен 1 орын, Өткелбаев Ерасыл география пәнінен 1 орын, Сейтжанова Назым орыс тілі пәнінен 2 орын, Абдрахманова Альбина орыс тілі пәнінен 3 орын, Құқық негіздері пәнінен Жакуп Аяулым 3 орын иеленді.

Бастауыш 2 – 4 сынып арасында мектепшілік ғылыми жобалар байқауы болып өтті. Байқаудың нәтижесінде Жүніс Мақпал 1 орын, Саутжан Айару 2 орын, Танырберген Жансезім 2 орын. 3 орын Мықтыбай Жантілеу, Сейтжанов Әділхан иеленді.

Қазақ тілі мен бастауыш сынып апталықтары болып өтілді. Апталықта сыныптан тыс жұмыстарда көрсетілді.

Аудандық жоспарға сәйкес мектепте семинарлар болып өтілді. География пәні бойынша, аудандық кітапханышалардың семинары, ұстаздар белсене қатысты.

Мектепшілік 5-6 сынып арасында математикадан интеллектуалды ойын болып өтілді. Ойын соңында жеңімпаздар марапатталды.

Мектепте ерекеше білімді қажет ететін балалармен жұмыс тақырыбында семинар болды. Ұстаздар мен оқушылар белсене қатысты. -

Узбаев Бахтияр Вагонбаевич «Дене шынықтыру педагогтарының кәсіби құзыреттілігі мен тәжірибесін жетілдіру» курсқа барып келді.

Қорытынды: Жантеке ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің 2-11 сынып оқушыларының білім сапасын көтеру мақсаты тұр. 2023-2024 оқу жылында жоспар бойынша жұмыстар жалғасын табады.

Мектеп директоры



Қ.А. Асанова

Орындаған:

Ж.Қ. Қошқарбаев

«Жантеке ауылының жалпы орта білім беретін мектебі»КММ-нің
2022-2023 оқу жылындағы тәрбие жұмысының жылдық есебі

Мектебімізде 2022-2023 жаңа оқу жылына арналған "Сыңғырла, қоңырау" атты салтанатты жиын өткізілді, жиынға Қорғалжын ауданы әкімінің орынбасары Сабырғали Дастан Сабырғалиұлы, ауыл әкімі Тажмағанбетов Әділхан Шәріпжанұлы қатысып, бүлдіршін шәкірттерге сәттілік тілеп, ізгі құттауын білдірді. Сыныптарда "Терең білім: еңбекқорлық және отаншылдық қасиет" тақырыбында білім сабағы ұйымдастырылды.

1 қыркүйек «Жантеке ауылының жалпы орта білім беретін мектебі»КММ-де 6-11 сынып арасында Қорғалжын ауданының ПБ учаскелік инспекторы полиция капитаны Н.Т. Аскаров мектеп оқушыларымен кәмелетке толмағандарға қатысты, оның ішінде қолсұғушылыққа қарсы жасалатын қылмыстардың профилактикасы жөніндегі жұмыстың жай-күйі туралы құқықтық білімдері және заң алдындағы жауапкершіліктерін арттыру мақсатында, жасөспірімдерді қылмыстық әрекеттерден бойларын аулақ ұстауға шақырды. Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылық пен қылмыс жасау бүгінгі қоғамның күн тәртібінен түспейтін түйткілді мәселе екендігі туралы түсінік жұмыстарын жүргізді. Сонымен қатар зорлық-зомбылықты болдырмау мақсатында біршама түсініктер берілді.

Жиналыс барысында қылмыстың алдын алу, баланың бұрыс жолға түспеуі, ата-ананың берген дұрыс бағыт бағдарын қабылдай білуі жайлы айтып өтті.

Биыл ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдық мерейтойы халықаралық деңгейде, ЮНЕСКО аясында атап өтіледі.

Аудандық іс шараға байланысты «Ахмет Байтұрсынұлы-дәуірдің дара тұлғасы» атты, 8, 9, 10, 11 сынып оқушыларынан сөз саны нормасына сай диктант алынды

Алаштың көрнекті қайраткері, ағартушы-ғалым, ұлт ұстазы, әліппенің атасы, қоғам қайраткері, ақын Ахмет Байтұрсынов туралы кеңінен таныстыру, өмір және еңбек жолын жас ұрпаққа паш ету мақсатында 3 "А" сыныпта ашық сабақ өтті. сынып жетекшісі: Асанова М. А

Ахмет Байтұрсынұлының 150 жылдығына орай 10 мен 11 сынып арасында интеллектуалды сайыс өтті. Сайыстын тақырыбы «Ахмет Байтұрсынұлы-

ұлттың ұлы ұстазы» сайыста пернетақтаны қолдана отырып сұрақ жауап, пікірталас өткізілді.

Жетекшісі қазақ тіл пән мұғалімі Армянова Айзада Серікбайқызы

Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде өткізілген Қазақстан Республикасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы іс-қимыл жөніндегі 2018-2022 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаның аясында 14 қыркүйек күні Қорғалжын мәдениет үйінде «Дінтану» пәнінің мұғалімдеріне арналған жиын өтті. Іс-шара да қарастырылған мәселеле, теріс пиғылда діни ағымдардың идеологиясына қарсы алдын-алу іс-шара өтті.

Іс-шараға қатысқан Жумабаев Жандос Н Дінтану пәнінің мұғалімі

Қорғалжын ауданы ішкі саясат және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен өткен «Бала тілі бал» жатқа мәнерлеп оқу байқаунан балабақша тәрбиеленушісі Жасқайрат Аделя 2 орынға ие болып, диплом және сыйлықпен марапатталды

Жетекшісі "Балбөбек" шағын орталығының тәрбиешісі Альжанова Мадина Ораловна

Отбасы күніне орай жас ұрпаққа отбасында дұрыс тәрбие беру-айрықша маңызды міндет екенін түсіндіру асыл аналарымыз бен абзал әжелеріміздің бала тәрбиесіндегі тәжірибелерін, өнегелерін үлгі ету мақсатында 10-11 сынып ата-аналары мен әжелерге арналған «Мәдениетті ана-мәдениетті ұлт» дөңгелек үстел ұйымдастырған қазақ тіл пән мұғалімі Ныгманова Шолпан Ельтаевна

Отбасы күніне орай 5-11 сынып аралығында «Жақсылыққа жетелейтін жандар» тақырыбында бейне ролікті дайындады. Ел Президенті мемлекет - отбасыдан басталатынын және біздің қоғамда негізгі отбасылық құндылықтарды нығайтудың маңыздылығына ерекше назар аударып атап өткен.

Отбасы күніне орай 5-11 сынып аралығында «Жақсылыққа жетелейтін жандар» тақырыбында бейне ролікті дайындады. Ел Президенті мемлекет - отбасыдан басталатынын және біздің қоғамда негізгі отбасылық құндылықтарды нығайтудың маңыздылығына ерекше назар аударып атап өткен.

"Ақжол -2030" жеке шаруашылық басшысы Жарылкасымов Жеңіс Сәдуақасұлының бастамасымен, ауыл әкімі Әділхан Шарипжанұлының қолдауымен "Балалар жылы" аясында футбол алаңы ашылды. Осындай игі шара ауыл көркіне сән беріп, балаларды спортқа баулуға себепші болары анық. Дмеуші болған Жеңіс мырзаға алғысымыз шексіз!

"Балалар жылы" аясында және ұстаздардың кәсіби мерекесіне орай Қорғалжын ауданы Жантеке ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің базасында ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау кабинеті ашылу салтанаты өтті. Осы жақсы игі бастамаға Қорғалжын аудан әкімінің орынбасары Дарын Сабырғалиұлы, Қорғалжын аудандық білім бөлімінің басшысы Омарова Сауле Қуанышқызы қатысып, құттықтау лебіздерін білдірді. Кабинеттің ашылу мақсаты әр тұлғаның ерекше білім алуына зор мүмкіндіктер жасау үшін кабинетке қажетті құрал -жабдықтар орнатылған. Мектепке жақын мандағы Ұялы, Майшұқыр, Қараегін ауылдарының балаларына мамандар кеңес ұсынымдарын ескере отырып 25 баланы қамтиды. Балалармен педагог -психолог, логопед, әлеуметтік педагог жұмыс атқарады. Ерекше білім беруді қажет ететін балалардың толық қалыптасуы үшін жасалған игі бастамаларға алғысымыз шексіз.

Жантеке ауылының жалпы орта білім беретін мектебінде 28 қыркүйек күні Мектеп Парламентіне үміткерлердің сайлауы өтті. Сайлау жарысына түскен 9-11 сынып оқушылары. Дауыс беру 5-11 сынып оқушылар арасында өткізілді. Үміткерлер өз бағдарламасымен, жоспарымен таныстырды.(слайд, презентация түрінде көрсетті). Өздерің көңілдерінен шыққан, мақсаты айқын үміткерге дауыстарын береді. Мектеп Президентіне үміткерлер: 1.Құжабай Мөлдір 11 "а" сынып оқушысы 2. Боранбекова Аягөз 11 "а"сынып оқушысы. 3. Узбаева Индира 10 "а" сынып оқушысы. 4. Мухтар Әліби 9 "а" сынып оқушысы. Өз ара жарысқа түсті.

Өзін өзі басқару ұйымының сайлауына оқушыларымыз және ұстаздарымыз дауыс беріп өз үлестерін қосты.

Дауыс нәтижесі бойынша 10 сынып оқушысы Узбаева Индира жеңіске жеті.

Ұстаздар күніне орай 30 қыркүйек күні Республика бойынша Дублёр күні. Соған орай мектебіміздің оқушылар ұстаз жолымен жүріп көрді, оқушылар өздеріне жүктелген әр-бір тапсырмаға үлкен жауапкершілікпен атқарды. Ал мектеп ұстаздары 12 сынып болып сабаққа қатысты.

05 қазан күні 3«а» сыныпта ата-аналарға арналған ашық есік күні өтті. 3 сыныпта сабақ жоспарына сай өтіп, ата-аналар оқушылардың сабақтарына қатысты

Саналы ғұмырын ақындық, жазушылық, аудармашылық және журналистикаға арнаған дарынды жерлес ағамыз Смағұл Рахымбектің туған күніне арналған «Өлеңмен өрдім өмірді» атты еске алу кеші өткізілді.

Бүгін менің туған күнім, тәнірім,

Көп қыла гөр тіршіліктің жарығын.

Күндерімді, жырларымды тауспа,

Бөгемеші, өмір-өзен ағының, -деп Смағұл ақын өзі жырлағандай, көзі тірі болса, журналист ағамыз 70 жасқа толар еді. Кеште ақынның жырларын жатқа оқылып, қазақ радиосында берген сұхбаты тыңдалды. Өмірі мен қызметі жайлы бейне ролик көрсетілді.

Өткізген қазақ тіл пән мұғалімі Ныгманова Ш. Е

2022 жылдың қазан айының 12-ші жұлдызы күні "Балбөбек"балалар шағын орталығында "Алтын күз"ертеңгілігі өтті. Бүлдіршіндер өз өнерлерін ортаға салып, күз туралы өлең шуамақтарын, әндерін айтып, әсем бимен өрбітті. Ата-аналар тарапынан "Алтын күз"мерекесіне қолдан жасалған туындылар ұсынылды.

2022 жылдың қазан айының 14-ші жұлдызы күні мектепалды даярлық тобында «Алтын күз» мерекесіне орай «Күз ханшайымы» тақырыбында байқау өтті. Байқауда бес тапсырма болды, тәрбиеленушілер өз өнерін көрсетті. Күз туралы өлең айтып, жапырақтардан аппликация жасап, сән үлгісін көрсетті. Жауапты: Мектепалды даярлық топ тәрбиешісі Нуртазина Г. С

2022 жылдың 18 қазан күні қарттар айлығына сәйкес ата-әжелемімізге арналған «Қарттарым-асыл қазынам!» атты мерекелік концерт өтті. Жалпы 1-11 сынып оқушылар өз өнерлерін ортаға салып, келген ата-әжелеріне ән, күй, би өнерлерін көрсетіп, қуаныш силады. Концерт сонында келген әжелеріміз оқушыларға баталарын беріп, өз ризашылықтарын білдірді.

Жауапты: мектеп тәлімгері Имашева Э.С

25-ші қазан Республика күніне орай 8-11 сынып оқушылар арасында «Менің Отаным- Қазақстан» атты эссе байқауы өтті. Байқау нәтиже бойынша ең үздік үш оқушы дипломмен марапатталды.

Жауапты: қазақ тілі пән мұғалімдері Ныгыманова Ш. Е Төлеубекова А. Н

25-ші қазан Республика күніне орай, өзің-өзі басқару ұйымының фракция мүшелерінің ұйымдастыруымен "Мен-елімнің ұланымын!" атты челлендж өткізді.

2022 жылдың 20-ші қазан күні, қарттар айлығына байланысты өзің-өзі басқару ұйымының "Еріктілер" клубының мүшелері қарт әженің қыстық көмірін кіргізуіне үлес қосты.

Жауаты: мектеп тәлімгері Имашева Э. С

26-қазан Республика күніне арналған 5-11 сынып аралығында "Атамекен" тақырыбында диктант алынды мақсаты: оқушыларды, Отанын туған жерін, сүюге, ұлтжандылыққа, патриоттық сезімге тәрбиелеу.

Республика күніне арналған «Еліме деген құрмет» атты өлең байқауы өтті. Байқауға 5-6 сынып аралығында өтті. Мақсаты: оқушыларды Отанға, туған жерге деген сүйіспеншіліктерін анықтау; Өлеңді мәнерлеп оқуға машықтандыру.

Байқау соңында қатысушылар грамотамен марапатталды.

Жауапты: қазақ тілі пән мұғалімі Толубекова А. Н

2022 жылы 27 қазан күні Шалқар ауылының ЖОББМ аясында «Оқушылардың дебаттық қозғалысы» жалпыұлттық мәдени-білім беру жобасын жүзеге асыру аясында, мектеп оқушылары арасында аудандық пікір-сайыс турнирі өтті. Біздің мектебімізден 4 оқушы қатысып сертификатпен марапатталды. Жетекші: Досымбекова Ж. Ш

"Алтын күз" 1-4 сынып аралығында өтті.

Күз айлары туралы білетіндерін ортаға сала отырып, оқушылардың сайысқа деген қызығушылығын, ынтасын арттыру. Оқушылар бір топпен шығып, өздерің таныстырып,

Өз өнерін көрсетіп, аппликация, викториналық сұрақтар қойылып, және күзгі сән үлгісі көрсетті.

«Арайлы алтын күз» күзгі бал кеші 8 - 10 сыныптар аралығында өтті.

Мақсаты: Оқушылардың әртістік қабілетін дамыту, еңбексүйгіштікке баулу, табиғатты сүюге тәрбиелеу, ауызбіршілікке бейімдеу.

тапқырлық, сахна мәдениетін қалыптастыру, дамыту. Жауапты: Толеубекова А. Н

Жоспарға сай, күзгі демалыста 1-3 сынып ұлдар арасында асық ату жарысы өтті. Мақсаты: Оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану және ұлттық құндылықтарын дамыту мақсатында өткізілген іс-шара. Жарыс соңында жеңіске жеткен оқушылар марапатталды.

Үйірме жетекшісі: Қайырбек А.

Ата-аналармен ынтымақтастық жұмысты нығайту мақсатында 2022 жылдың 1-қараша күні мектепішілік ата-аналар жиналысы өтті, жиналыс барысында 1 тоқсанда атқарылған жұмыстар жөнінде ақпараттар алды. Сонымен қатар, ата-аналар мектепте жаңадан ашылған кабинетпен танысып, мектеп ұжымына шығармашылық табыстар тіледі.

Күзгі демалысты тиімді өткізу мақсатында мектепішілік жарыс ұйымдастырылды. 4,5,6 сынып ұлдар арасын кіші футбол өтсе, 7,8,9 сынып арасында теннис, шашкидан жарыс өтті.

Жарыс сөңында қатысқан командалар марапаттарға ие болды.

Жауапты: Дене шынықтыру мұғалімдері Узбаев Б.В, Момбаев Е.Ш

Мектебімізде әр дүйсенбі күні оқушылардың таңертеңгілік жиыны өтеді.

Мақсаты: оқушыларды мектеп тынысымен таныстыра отырып, алдағы жоспарлармен таныстыру және өзге оқушыларға үлгі болу үшін байқауларға қатысып жетістікке жеткен оқушыларды марапаттау.

"Оқуға құштар мектеп" жобасын жүзеге асыру мақсатында 7-сынып оқушылары мектеп кітапханасындағы әдеби кітаптармен танысты. Оқыған кітаптары бойынша ой бөлісті.

Қорғажын ауданында мәдениет үйінде өткен «Ақмола жұлдыздары- 2022» атты байқауына біздің оқушыларымыз «ADELYA dance» тобының қыздары қатысып лауреат атағына ие болды.

Жетекші: Тынысбек А. Ж

2022 жылдың 10 қараша күні Шоқан Уалиханов атындағы Қараегін ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің аясында аудандық "Жас тарихшылар мен өлкетанушылар" форумына мектебіміздің 9-сынып оқушысы Мұхтар Әліби қатысып жүлделі 1 орынға ие болып, облыстық форумға жолдама алды, жетекшісі география пәнінің мұғалімі Қошқарбаева М.Б

Ақмола облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы, Қазақ күресінен 2007-2008 ж.т кіші жасөспірімдер арасындағы «Жас Барыс» республикалық турниріне облыстық іріктеу чемпионатында 75 келі салмақ дәрежесінде II орынға ие болған Аман Нұрдаулет

Бапкері: Енсебаев М.Т

Мектепішілік «Біз болашақтың жастарымыз» атты көңілді тапқырлар клубының сайысы өтті.

Сайысқа 7-9 сынып оқушылары өз ара жарысқа түсті, 3 орын 8 сынып «Сұңқар»,

2 орын 7 сынып «Болашақ еліміз» 1 орынды 9 сынып «Жигули» тобы жеңіп алды.

Ұйымдастырушы: мектеп тәлімгері Имашева Э.С

Алтын күз" 5-7 сынып аралығында өтті.

Оқушылар бір топпен шығып, өздерің таныстырып, өз өнерін көрсетіп, викториналық сұрақтар қойылып, және күзгі сән үлгісі көрсетті.

Жауапты: 6 "А" сынып,
сынып жетекшісі Мухаметжанова А.Б

2022 жылдың 15 қараша күні "Ата-анаға 1 сынып адаптация бойынша психологиялық ағартушылық жұмыс" атты ата-аналармен жиналыс өтті.

Максаты: ата -аналарға баланың оқудағы кездесетін қиындықтарды жеңуге көмектесе алуына бағыт-бағдар беру.

Өткізген мектеп психологі Смагулова Ж. Г

Мектепішілік 2-4 сынып арасында «Абай оқулары» мәнерлеп оқу сайысы өтті. Тақырыбы: «Абай-дара, Абай-дана қазақта» Мақсаты: Абай Құнанбайұлының ақындық талантын шәкірт жүрегіне ұялату арқылы мәнерлеп жатқа айту, поэзияны сүюге, оны бағалай білуге үйретуге, шығармашылық қабілетін жетілдіре отырып, рухани танымын кеңейту.

Қарасөзді жатқа айтудан 1 орынға ие болған 4а сынып Жүніс Мақпал.

Мәнерлеп оқу сайысында 4а сынып оқушысы Танірберген Жансезім 1 орынға ие болды.

Ән байқауында 3 оқушы бірінші орынға ие болды, 2 сынып оқушысы Мықтыбай Жантілеу, 4 сынып Смағұл Серікболсын және 4 сынып оқушысы Сержант Санжар.

Сайыс соңында қатысқан оқушылар мадақтамамен және сыйлықпен марапатталды. Өткізген: Нурабаева Г. К

Мустафина Н. Е

Адамгершілік және жыныстық тәрбие

Мақсаты: Ерте жүктіліктің алдын алу, әдет-ғұрыпты, салт-дәстүрді қыз баланың бойына сіңіре отырып, келешекте ана алдында қоғамның, ұлттың тыныс-тіршілігі барысындағы үлкен жауапкершіліктің тұрғандығын сезіндіре отырып, әдепті, сыпайы, адамгершілігі мол, білімді жан жақты жетілген қыз бала болуға тәрбиелеу. Ерте жастағы жүктілік, оның алдын алу жолдары туралы оқушы қыздарға айтып, түсіндіру.

Міндеттері:

- ұрпақ тәрбиесіне байланысты ата-бабалар ілімдері туралы түсініктерін қалыптастыру;
 - отбасын құру мен бала тәрбиесіне байланысты жауапкершіліктерін арттыру;
 - жүрек тәрбиесі мен ақыл тәрбиесінің мән-мағынасын ашып көрсету.
- Өткізген: әлеуметтік педагог Тынысбек А. Ж

Жантеке ауылының жалпы орта білім беретін мектебінде ерекше білім беруді қажет ететін балаларға көмек көрсету кабинетінде аудандық семинар өтті. Іс-тәжірбие алмасу мақсатында ұйымдастырылған семинарға аудандық білім бөлімінен оқу әдістемесінің бас маманы Нарын Аяжан Серікқызы, психолог, логопед және әлеуметтік педагог мамандары, сонымен қатар мектептегі қамқоршылық кеңес төрайымы Алиева Айжан Қайратқызы қатысты. Семинар соңында қатысушылар ой бөлісті.

ҚАЗАҚ КҮРЕСІНЕН ОБЛЫСТЫҚ АШЫҚ ТУРНИР.

2022 ж. 23-25 қараша аралығында Сандықтау ауданында, Социалистік Еңбек Ері Нұрғабыл Малғаждаровты еске алуға арналған жасөспірімдер арасында қазақ күресінен облыстық ашық турнирде,

Зорын 9 «А» сынып оқушысы Аман Нұрдаулет +55 кг.

Зорын 5 «А» сынып оқушысы Төлеген Мейірлан 35 кг.

Зорынға ие болған 6 «А» сынып оқушысы Орал Дарын 42 кг.

Жұлдегерлер мадақтама, медаль және кубокпен марапатталды. Бапкер: Енсебаев Мұратғали. Т

2022 жылдың 23-25 қараша аралығында облыстық "Жас тарихшылар мен өлкетанушылар" форумы өтті. Осы форумға мектебіміздің 9 сынып оқушысы Мұхтар Әліби қатысып, жүлделі 1 орынды иеленді, жетекшісі география пәнінің мұғалімі Қошқарбаева М. Б.

2022 жылдың 23-қараша күні Кенбидайық ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің базасында өткізілген аудандық "Бала би" сайысына 6 сынып оқушылары Бикен Жансая, Жақсылық Алтынгүл қатысып, жүлделі 3 орынды иеленді, жетекшісі қазақ тілі мен әдебиет пәннің мұғалімі Төлеубекова Алтын Нұртайқызы.

2022 жылдың 24-қараша күні "Біздер болашақтың жастарымыз" атты аудандық КТК сайысы өтті. Сайысқа мектеп командасы белсене қатысқаны үшін грамотамен марапатталды. Жетекшілері Нығыманова Ш. Имашева Э.

балалар мен талантты жастарды анықтау және қолдау жөніндегі орталығының бекітілген ережесіне сай 2022 жылдың желтоқсан айының 07-сі күні Арықты ауылының ЖОББ мектебінің базасында «Қазақстан эрудиті» аудандық танымдық-зияткерлік байқауы өтті. Байқауға біздің мектебімізден 8-ші сынып оқушысы Жанайдар Асылзат ІІ орынға ие болса, 7-ші сынып оқушысы Шарипжан Айзере 3 орын иеленіп келді.
Жетекші: Ищанова Г. М

2022 жылдың 09 желтоқсан күні мектебімізде Қорғалжын балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінің 2010-2013 жылдар аралығында туған жасөспірімдер арасындағы облыстық дзюдо турнирі өтті. Турнирге Астана қаласы, Оразақ ауылы, Қорғалжын, Арықты, Өркендеу, Жантеке ауылдарына келген дзюдошылар қатысты. Турнирдің қадірлі қонақтары Қорғалжын аудандық білім бөлімінің басшысы С. Омарова, Қарашалғын ауыл округінің әкімі Ә. Тажмағанбетов, Қорғалжын ауданы спорт мектебінің директоры М. Дюсенбаев қатысып, дзюдошыларға сәттілік тіледі. Мектебімізден қатысқан оқушылар жүлделі орындарды иеленді.

Аутодеструктивті мінез-құлықтың алдын-алу бағдарламасы аясында, тақырыбы "Ашу-ыза билегенде не істеу керек" атты 8-9 сынып ұлдары арасында сабақ өтті.

Сабақ барысында ашуға бой алдырғанда оқушылар ашуларын қалай басатындарымен бөлісті.

Психолог буллинг (жәбірлеу) турлерімен, физикалық, әлеуметтік, ауызша, кибер жеке-жеке мысалдар келтіру арқылы таныстырды. Оқушылар қылмыстық жауапкершілік, т.б артында қиындықтар болатынын түсінді.

Сабақ соңында зорлық-зомбылыққа байланысты сауалнама өткізілді.

Өткізген: Мектеп психолог Ж. Г. Смагулова

2022 жылдың 12 желтоқсан күні Қорғалжын аудандық білім бөлімінің жоспарына сәйкес Амангелді ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің аясында 3-4 сынып оқушылары арасында аудандық пәндік олимпиадасы өткізілді. Мектебіміздің 4 «А» сынып оқушысы

Танырберген Жансезім 3 орынға ие болды.

Жетекшісі Нурабаева Г.К

2022 жылдың 14 желтоқсан күні «Жас Қыран» бірінғай балалар мен жасөспірімдер ұйымының салтанатты жиыны өтті. Жас қыран ұйымына 3 «А» сынып оқушылары қабылданды. Салтанатты төсбелгі тағу рәсіміне келген ата-аналар мен әжелер қатысты.

Сынып жетекшісі Асанова М. А

2022 жылдың 15 желтоқсан күні 8-9 сынып оқушылары арасында "Ұлттың сақталуына да, жоғалуына да себеп болатын-тіл" атты пікірталас өтті. Оқушылардың сөздік қорын молайту мақсатында өткізілген пікірталаста оқушылар өз ойларын, пікірлерін ортаға салды. Өткізген: тарих пәні мұғалімі Досымбекова Ж. Ш.

16 -желтоқсан күніне орай 8 «А» сынып оқушыларынан «Тәуелсіздік таңы мәңгілік» атты диктант алынды. Диктанты алған қазақ тіл пән мұғалімі Толеубекова А.Н Мектептің бірінші қабатында 16 желтоқсан күніне арналған «Тәуелсіздік таңы мәңгілік» атты оқушыларға арналған ақпараттық бұрыш ұйымдастырылды.

Мектеп жанындағы «Балбөбек» шағын орталығының бүлдіршіндері тәуелсіздік күріне орай, жаттаған өлең шумақтарын айты.

2022 жылдың 15 желтоқсан күні 5-6 сынып оқушылары аралығында республикалық пән олимпиадасының аудандық кезеңі өтті. Мектептен 5-сынып оқушылары Уралова Мадина қазақ тілі мен әдебиет пәнінен 2 орын, орыс тілі пәнінен Төкен Аяулым 3 орын, 6-сынып оқушылары Бикен Жансая Қазақстан тарихы пәнінен 2 орын, Жақсылық Алтынгүл қазақ тілі мен әдебиет пәнінен 3 орын иеленді.

2022 жылдың 19 желтоқсан күні «Балалар жылы» аясында және Тәуелсіздік күніне орай «Нұр-Қорғалжын» аудандық газетінің ұйымдастыруымен өткен мектеп оқушылар арасындағы "Жас автор" әдеби- шығармашылық байқауына метебімізден оқушылар қатысты.

III орынға ие болған 9 «А» сынып оқушысы Мұхтар Әліби.

2022 жылдың желтоқсан айының 21-і күні К.Күмісбеков атындағы Қорғалжын аудандық мәдениет үйінде өткен аудан әкімінің жаңа жылдық шыршасына біздің мектебімізден оқушылар қатысты. Аудан әкімі балаларға жаңа жылға арналған сыйлықтарды табыс етті.

Балаларға базарлық жасалды. Жаңа жыл қарсаңында "AgroNik" жеке шаруашылық серіктестігінің басшысы Бусс Наталья Николаевна 20 шақты балаға сыйлықтар үлестірді. Наталья ханымға үлкен алғыс білдіреміз!

2022 жылдың 23 желтоқсан күні

1 "А" сыныбы "Қош бол әліппем !" тақырыбында ертеңгілігі өтті. Мақсаты: Оқушылардың әліппеден алған білімдерін ортаға салу. Оқушыларды ана тілі оқулығымен таныстыру және өзін - өзі басқаруға үйрету. Оқушылар өлең оқып, ән айтып, би билеп, сұрақтарға жауап беріп, өз өнерлерін көрсетті.

Ертенгілікке ата-аналарда қатысып өздерінің жылы тілектерін білдірді.

2022 жылдың 26 желтоқсан күні мектеп жанындағы шағын орталық «Балбөбек» балабақшасында мерекелік жаңа жыл шыршасы өтті. Мерекелік ертеңгілікке ата-аналар белсене қатысты, және демеушілер тарапынан бүлдіршіндерге сыйлықтар таратылды. Ал мектеп әкімшілігінің ұжымы әр түрлі кейіпкерлердің ролін сомдады, ертеңгілік өте тартымды, әрі қызықты өтті.

Мектебімізде 2022 жылдың 26-29 желтоқсан аралығында жаңа жылдық шырша ұйымдастырылды. Балаларға демеушілік көрсеткен Алпысов Талғат ағамызға, Астана қаласынан "Еріктілер клубына", Жантеке ауылының жеке меншік "Айзада", "Дастан", "Нұр и Дан", "Алия" дүкен иелеріне алғысымыз шексіз!

Мектеп психологі 11 «А» сынып оқушылары мен 2023 жылдың 18 қаңтар күні "ҰБТ-ға сеніммен барайық" тақырыбында тренинг өткізді.

Мақсаты: Оқушыларымыздың өзін тану арқылы, өзіндік бағалауын қалыптастыру, стрессті жеңуге жол көрсету, бойларына сенімділік орнату болып табылады.

Мектебімізде қаңтар айының 20 жұлдызы күні 7 сынып оқушылары арасында "Жемқорлықтың тарихи тамыры" тақырыбында тәрбие сағаты ұйымдастырылды. Мақсаты: Оқушылардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұрарлық мәдениетін қалыптастырып, құқықтық сауаттылығын арттыру болып табылды. Ұйымдастырған сынып жетекшісі Досымбекова Ж.Ш

Биыл жылы Д.А.Қонаевтың туғанына 110 жыл толуына орай пән мұғалімі Төлеубекова А.Н 10 сынып оқушыларымен "Ғасырдың дала перзенті" тақырыбында тәрбие сағатын өткізді.

Мектеп психологі Смагулова Ж.Г 4 "А" сынып оқушыларымен балалардың зейінін анықтап, есте сақтау қабілетін дамыту мақсатында "Зейінді оқушы" тақырыбында тренинг өткізді.

Мектеп кітапханашы Имашева Э.С 7 "А", 8 "А", 9 "А", 10 "А" сынып аралығындағы "Ең үздік оқырман" байқауын ұйымдастырды. 9 "А" сынып Жакуп Аяулым "Ең үздік оқырман"

7 "А" Умирзакова Даяна "Білімді оқырман"

"Өнерлі оқырман" 10 "А" Шаукенова Жанеля, Жанайдар Шыңзат "8" сынып

"Белсенді оқырман" номинациясын жеңіп алды. Мақсаты оқушыларымызды кітапқа, білімге баулу.

Мектебіміздің әлеуметтік педагогі Тынысбек А.Ж 5"А",9"А",10"А"сынып оқушылар аралығында оқушылардың құқықтық сауаттылығын арттырып, құқық бұзушылық және қылмыс белгілерімен, түрлерімен таныстыру, жасөспірімдердің құқықтары мен міндеттерімен таныстыру. Қоғамның заңдары мен нормаларын орындауға, құқықтары біліп оны құрметтеуге тәрбиелеу мақсатында "Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың алдын алу" тақырыбында тест алынды.

Салауатты өмір салтын қалыптастыру, ата - анамен бала арасында спорт мәдениетін кең тарату. Оқушыларды және ата - аналарды сұлу да сымбатты, денсаулығы зор, күшті болу үшін денені шынықтыру, оларға спортпен айналысудың қажет екендігін түсіндіру мақсатында

15-қаңтар күні 4"А"сыныбында "Толағай" отбасылық сайысы ұйымдастырылды. Ойынға 5 отбасы қатысып, "Болашақ" тобы I орын, "Жалын" тобы II орын, "Күншуақ" тобы III орынды иеленді.

Ұйымдастырып өткізген 4 сынып жетекшісі Нурабаева Г. К

Қорғалжын аудандық білім бөлімінің ұйымдастырумен "Балауса" балабақшасында "Ойын-ойды өсіреді" тақырыбында іс-тәжірибе алмасу мақсатында семинар-практикум өткізілді. Семинарға шағын орталық тәрбиешісі Имашева Э.С қатысып келді.

Қаңтар айының 26 жұлдызы күні мектебімізде "Ашық қоғам" дебат клубы оқушыларының ұйымдастыруымен "Қашықтықтан оқытудың тиімділігімен зияны" тақырыбында сайысы өтті. Мақсаты оқушылардың креативті ойлауын, шығармашылығын дамыту болып табылады.

Дебат жетекшісі: қазақстан тарихының пән мұғалімі Досымбекова Ж. Ш

"Ақмола облысы білім басқармасының Қорғалжын ауданы бойынша білім бөлімі" мемлекеттік мекемесінің 2023 жылдың 26 қаңтар күнгі нөмірі 30 шығыс хатына сәйкес кәмелетке толмаған жасөспірімдердің құқығын қорғау жөнінде мектебімізде жаппай ата - аналар жиналысы өтті. Жиналыста жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу, тәртіп пен тәрбие жөнінде түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

2023 жылдың 27 қаңтар күні мектебімізде Қорғалжын аудандық білім бөлімінің «Жастар» спартакиадасы бағдарламасына сәйкес баскетбол ойынынан оқушы қыздар арасында жарыс өтті. Ауданымыздың білім беру мекемелерінен жарысқа 8 команда қатысты. Жарыста I-орын Кеңбидайық ауылының жалпы орта білім беретін мектебі командасы, II-орын Жантеке ауылының жалпы орта білім беретін мектебі, III-орын А.Үсенов атындағы

орта мектебі мен Амангелді ауылының жалпы орта білім беретін мектебі иеленді.

Балалардың сапалы тамақтануын қадағалау мақсатында мектепшілік сапалы тамақтандырумен қамту комиссиясының мүшелері 2023 жылдың 31 қаңтар күні мектеп асханасына бақылау жүргізді. Бақылау барысында мектеп асханасының талапқа сай жұмыс жасауын, тазалық деңгейін және балаларға берілген тамақ сапасын зерделеді.

Бүгін 01.02. 2023 жылы 4 'А" сыныбымен "Кім боламын?" тақырыбында диктант алынды. Мақсаты: мамандық туралы мәліметтер беру. Сынып жетекшімен Нурабаева Г.К мен кәсіби бағдар беруші Кусаинова Ж.С

Өзін-өзі басқару және мектеп парламентінің кезектен тыс оқушылар жинынын өткізді. Жиын тақырыбы: мектептегі ішкі тәртіп, мектеп формасы және сабақ үлгерімі жәйлі тақырыптарды қозғалды. Жиынды өткізген мектеп тәлімгері Бейсенбаева Б. К

Мектебізде қаңтар айынан бастап оқушылардың өнерге құштарлығын ашу сонымен қатар бос уақыттарын тиімді пайдалану мақсатында оқудан тыс Домбыра, баян, фортепиано үйірмесі жұмыс жасауда.

Кәмелетке толмаған жасөспірімдердің құқық бұзушылыққа жол бермеу мақсатында 6 сынып оқушыларымен кездесу ұйымдастырылды. Бейне ролик көрсетіліп өмірлеріне қауіп төнетін зиянды заттарды қолданбау яғни атап айтсақ электрондық темекі әртүрлі энергетикалық сусындарды қолданбау жайлы түсінік берілді.

"Қазақстанда атом электростанциясының құрылуының пайдасы мен зияны" тақырыбында дебат ұйымдастырылды. Дебат жетекшісі Досымбекова Ж.Ш

2023 жылдың 09 ақпан күні мектебімізде "Ғылымға құштар жас өрен" деген тақырыпта 2-4 сынып оқушыларының арасында зерттеу жұмыстары мен ғылыми жобалар байқауының мектепшілік кезеңі өткізілді.

Мақсаты: оқушылардың ғылыми зерттеу және оқу- танымдық қабілеттерін арттыру, оқушыны өзіндік ізденіске, шығармашылыққа қалыптастыру.

Байқаудың қорытындысы бойынша 1 орынды 4 сынып оқушысы Жүніс Мақпал

2 орынды 3 сынып оқушысы Саутжан Айару мен 4 сынып оқушысы Танырберген Жансезім,

3 орынды 2 сынып оқушысы Мықтыбай Жантілеу мен 3 сынып оқушысы Сейтжанов Әділхан иеленді.

Жеңімпаз оқушылар 1 дәрежелі, 2 дәрежелі, 3 дәрежелі дипломмен марапатталды.

2023 жылдың 10 ақпан күні мектепте жасөспірімдер арасында құқық бұзушылықтың алдын алу мақсатында Қорғалжын аудандық полиция бөлімінен кәмелетке толмаған істер жөніндегі инспекторы Айтолқын Төлентайқызымен кездесу өткізілді. Кездесуге әкелер қатысып, құқық бұзушылықтың алдын алу жөнінде қажетті ақпараттар алды. Сонымен қатар мектеп психологі Ж. Смагулова бала тәрбиесінде әкенің рөлі ерекше екенін түсіндіре отырып, бірлесе ынтымақтастықта жұмыс атқаруға шақырды. Келген ата-аналар көкейлерінде жүрген сауалдарын қойды.

2023 жылдың 21-ақпан күні мектебімізде жалпы орта білім беретін мектеп оқушылар арасында Республикалық Ілияс Жансүгіров оқуларының аудандық кезеңі ұйымдастырылды, іс -шараға ауданымызда 9 мектептен 15 оқушы қатысты. Мектебімізден 9-сынып оқушысы Мұхтар Әліби, 10-сынып оқушысы Шаукенова Жанелья жүлделі 2 орынды иеленді, жетекшісі қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімі Ш.Ныгманова. Ілияс Жансүгіров оқуларының ашылу кезінде мектептегі би, домбыра үйірмесінің қатысушылары өз өнерлерін ортаға салды, жетекшілері А.Тынысбек, С.Айкишев.

2023 жылдың 20-шы ақпанда 6 сынып оқушыларымен "Сыбайлас жемқорлықсыз болашақ" тақырыбында адалдық сағаты өтті.

Мақсаты: Адалдық пен шындықтың адами қарым-қатынастағы мәнін түсіндіру.

Сабақтың барысында ары таза адал адам мәнді өмір сүреді. Оның ішінде Отанына, отбасына, қоғамға адалдық адамның өзіне, өзгеге, болашаққа деген сенімен арттыра түседі. т.б жаңа ақпараттар берілді. Бейне баян көрсетіліп, сыбайлас жемқорлықтың зардаптары айтылып қалай адамның өміріне әрекет ететіні жөнінде мағлұмат берілді.

Сабақтың нәтижесінде оқушылар сыбайлас жемқорлықтың зияны туралы, елімізге адал болуды балалық шақтан дағдыландыру қажет екенін түсінді.

2023 жылдың 22-ші ақпан күні Қорғалжын ауданы төтенше жағдайлар бөлімінің мамандары мектеп оқушыларымен профилактикалық жұмыстар жүргізілді

2023 жылдың 24 ақпан күні "Ақ шағала" Аудандық хореографиялық фестиваль байқауында ІІІ-орынға ие болған мектебіміздің "Аделя" би тобы Би жетекшісі: Тынысбек Арай

Жантеке ауылының жалпы орта білім беретін мектебінде Бастауыш сыныптарының апталығының ашылуы өтті. Апталықтың ашылуында бірлестік

жетекшісі Г.Нурабаева апталықтың тақырыбын және жоспарын таныстырды. Директордың оқу-ісі жөніндегі орынбасары Ж.Қалмырзаұлы сөз сөйлеп, оқушыларға апталықта өз білімдерін көрсетіп, белсенділік танытуға шақырды.

2023 жылдың 28 ақпан күні мектебімізде "Бастауыш сынып оқушыларының арасында" ұйымдастырылған апталық барысында 3 сыныпта дүниетану пәнінен "Қазақ хандары" деген тақырыпта ашық сабақ өткізілді. Ашық сабаққа оқушылар өте жақсы қатысып, белсенділік танытты.

Мұғалімі: Абжанова С.Е

2023 жылдың 27-28 ақпан күндері аралығында 1-11 сынып ата-аналарына арналған мектепшілік жиналысы өтті. Жиналысқа қамқоршылық кеңес мүшелері мен ата-аналар қатысты.

Ағымдағы жылдың 28 ақпан күні А. Үсенов атындағы Сабынды ауылының жалпы орта білім беретін мектебінде аудандық Мұқағали Мақатаев оқулары өткізілді.

"Айтып өткен ақында арман бар ма?!" номинациясы бойынша, Жантеке ауылының жалпы орта білім беретін мектебінен Умирзақова Даяна және Жақсыбай Мерей есімді оқушылар қатысып, сертификаттармен марапатталды.

Жетекші: Мереке Зурашев Сәрсенбайұлы

"Қазақ тілі және әдебиет" пәнінің мұғалімі, педагогика ғылымдарының магистрі

023 жылдың 3-наурыз күні "Жастар" спартакиадасының бағдарламасына сәйкес аудандық асық ату, бес асық, тоғызқұмалақ жарысына мектеп оқушылары қатысып, бес асық жарысынан жүлделі 3 орынды Берік Асылжан, Саутжан Диана, Жақсылық Алтынгүл иеленді, жетекшісі-дене шынықтыру пәні мұғалімі Қайрбек Ардақ Қайратұлы

.2023 жылдың 7 наурыз күні "Ана-өмір шуағы"тақырыбында мерекелік концерт ұйымдастырылды. Қарашалғын ауыл округінің әкімі Тажмағанбетов Әділхан Шарипжанұлы аналарымызды құттықтап, жылы лебізін білдірді. Оқушылар өз өнерлерімен барша қауымға жақсы көңіл күй сыйлады.

ғымдағы жылдың 6 наурыз күні "Балбөбек"шағын орталығында аналармен ынтымақтастық арттыру мақсатында "Анаға құрмет" тақырыбында ертеңгілік өткізілді. Ертеңгілік барысында жас бүлдіршіндер өз өнерлерін көрсетіп

аналарын қуанышқа бөлесе, аналармен ойындар жүргізіліп, қызыққа ұласты. Ұйымдастырушы тәрбиешілер :Алжанова М., Әли Ә., Умербекова Г.

Наурыз айының 10-шы жұлдызында білім ордамызда "Абай-дана, Абай-тұлға" атты мектепшілік Абай оқулары өткізілді.

"Өлең-сөздің патшасы, сөз сарасы", "Абайдың қара сөздері", "Жүйріктен жүйрік озар жарысқанда", "Ұлылар әлемі" және "Көңілім әнді ұғады" номинациялары бойынша оқушыларымыз өз қабілеттерін көрсете білді.

Игі шараға 5-11 сынып оқушылары қатысты.

I орын иеленген білім алушыларымыз - аудандық деңгейге жолдама алды.

"Қазақ тілі және әдебиеті" пәнінің мұғалімі, педагогика ғылымдарының магистрі

Мереке Зураше

Ағымдағы жылдың 10-наурыз күні мектепте ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау кабинетінің мамандары Ж. Смагулова, Б. Балғожина, Ж. Тынысбекова семинар -практикум өткізді. Семинар -практикум барысына мұғалімдер мен ата-аналар қатысты.

Білім беру ұйымдарында Наурыз мейрамын мерекелеуге арналған жоспарға сәйкес ағымдағы жылдың 14-19 наурыз аралығында мектепте "Ұлттық киімді насихаттау" апталығы жүзеге асырылуда.

Ағымдағы жылдың 14 наурыз күні Абай оқуларының аудандық кезеңі байқауына 10-сынып оқушысы Узбаева Индира қатысып 1 орын, 8-сынып оқушылары Саутжан Диана, Жанайдар Шыңзат қатысып 3 орын иеленді, жетекшілері қазақ тілі мен әдебиет пәні мұғалімдері Ныгманова Ш. Е., Төлеубекова А. Н.

17.03.2023ж Жантеке ЖОБММ -да География пәні мұғалімдерінің озық тәжірибелерін тарату және білім сапасын арттырудың тиімді әдісі тақырыбында аудандық семинар болып өтті.Аудан ұстаздары өз тәжірибелерімен бөлісті! Қорытынды сөзді Аудандық Білім бөлімінің әдістемелік кабинет меңгерушісі Картенбай Г.А жасап, тәжірибе бөліскен ұстаздарға сертификат табыстады.

Целиноград ауданы бойынша балалар мен жасөспірімдер спорт мектебінде қазақ күресінен 2010-2011 ж.т. кіші жасөспірімдер арасында 22-наурыз-Ұлыс мерекесіне арналған Целиноград ауданының біріншілігі өткізілді. Мектебімізден қатысқан Орал Дарын 46 кг 3 орын, Аман Нургиса 42 кг 3 орын және Шаукен Нуралы 50 кг 3 орынға ие болды. Қатысушы спортшыларға

жеңіс тұғырынан көрінуге жаттықтырған жетекшісі Мұратқали Төлешұлына алғыс білдіреміз.

Ағымдағы жылдың 5-сәуір күні сапалы тамақтанудың мониторинг комиссия мүшелері мектеп асханасын тексерді, бұл оқушылардың сапалы тамақтануын жүзеге асыру болып саналады.

2023 жылдың 12 сәуір күні Қорғалжын аудандық білім бөлімі мен Қорғалжын аудандық балалар мен жасөспірімдер спорт Мектебімен бірлесіп Қорғалжын мәдениет үйінің аясында 5-6 сынып оқушылары арасында асық ату, бес асық, және тоғызқұмалақ ойындары өтті. Жалпы Жантеке ауыл мектебінің оқушылары ІІ орын иеленіп келді.

Білім беру ұйымдарының кітапханашыларын болашақ дамыту және "Оқуға құштар мектеп" жобасын іске асырудың 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарын жүзеге асыру мақсатында Жантеке ауылының жалпы орта білім беретін мектебінде "Оқуға құштар баланы тәрбиелеудегі мектеп кітапханасының ролі" тақырыбында аудандық семинар өтті. Семинарда "Кітап біздің досымыз" тәрбие сағаты жауапты Асанова М.А.; "Оқитын адам-ойлаушы тұлға" интеллектуалды ойын жауапты Имашева Э.С.; Абуова Р.К.; "Білім алушылардың оқуға құштар құзыреттілігін дамыту" шебер сынып жауапты Мухаметжанова А.Б.; "Мен оқимын, сен де оқы!" тренинг Бейсенбаева Б.К өз жұмыстарын көрсетті. Аудандық Білім бөлімімен әдіскері Уразбаева А.Қ қорытынды жасады

2023 жылдың 20 сәуірде мектепшілік 7-10 сыныптар арасында қойылға жоспарға сай "Ғылымға құштар жас ғалым" ғылыми жоба өтті. Өткен жоба қортындысы бойынша

3 орын Сейтжанова Назым, жетекшісі Айзада Нурхаятовна.

2 орын Жаманбаева Айым, жетекшісі Ләкетқызы Махаббат.

1 орын Жанайдар Асылзат, жетекшісі Азирханқызы Айшолпан.

Ұйымдастырушы: Қошқарбаева Маржан Болатовна.

Ағымдағы жылдың 25-ші сәуір күні мектепте "Жасөспірімдер арасындағы құқық бұзушылықтың, ерте жүктіліктің, суицидтің, қылмыстық істің, заң бұзушылықтың алдын алу" тақырыбында ата-аналармен кеңейтілген жиын өткізілді. Жиынға ауыл әкімі Ә. Тажмағанбетов, ауылдың учаскелік инспекторы Н. Аскарлов және Қорғалжын ауданы білім бөлімінің тәрбие жөніндегі әдіскері Ә. Тұрсынова қатысты. "Тәрбие - тал бесіктен" дегендей отбасы тәрбиесіне ерекше көңіл бөлу қажет екендігі айтылды. Ата-ана мектеппен ынтымақтастықта жұмыс атқаруды жүзеге асыруы тиіс.

26.04.2023 жылы Ақмола облысы білім басқармасы жанындағы "Қорғалжын ауылы, агротехникалық колледж" мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны талапкерлерге үгіт-насихат жұмыстарын жүргізу мақсатында 9-11 сыныптармен кездесу өткізді. Кездесуге колледж директоры Суиндиқов Қ О, тәрбие ісінің меңгерушісі, ағылшын тілі мұғалімі, мастери келді. Колледж туралы толық мәлімет берді.

2023 жылдың 22-23 сәуір аралығында Астана қаласында Дюдо жарысынан мектебіміздің 6 сынып оқушысы Орал Дарын III орын иеленді.

Жетекшісі: Енсебаев М. Т

2023 жылдың 28 ші сәуір күні еліміздің Бірлік күніне тұспа тұс келіп тұрған мерекесіне орай 2 «А» сынып «Жас Қыран» және 5 «А» сынып «Жас Ұлан» Республикалық бірінғай «Жас Қыран» және «Жас Ұлан» балалар мен жасөспірімдер ұйымына салтанатты түрде қабылдау рәсімі өтті.

Ұйымның мақсаты: өскелең жас ұрпақтың бойында патриоттық, білім мен өзін-өзі жетілдіруге деген құштарлық, беріктік, Отан тарихына, Тәуелсіз Қазақстанның бүгіні мен болашағына деген жауапкершілікке тәрбиелеу.

Өткізген: Мектеп тәлімгері Б.К.Бейсенбаева

2023 жылдың 29-сәуір күні мектебімізде алғашқы әскери дайындық пәні мұғалімі Қ. Нуртазиннің және дзюдо бапкері М. Енсебаевтың ұйымдастыруымен жерлесіміз, жауынгер-интернационалист Елеусіз Темешпаев пен Сағындық Смайловты еске алу мақсатында аудандық дзюдо турнирі өткізілді. Сонымен қатар 7-сынып жетекшісі Ж. Досымбекова "Ерлерге тағзым" атты тәрбие сағатын өткізді, тәрбие сағатына қатысқан ауған соғысының ардагерлері балаларға жақсы тілектерін білдірді. Турнир қорытындысында жеңіс тұғырына жеткен дзюдошылар марапатталды. Астана қаласынан арнайы келген ауған соғысының ардагері Ғалым Қожабеков "Қанды көйлек қарулас" атты өз туындысын мектеп кітапханасына табыс етті.

Ағымдағы жылдың 4-мамыр күні мектеп оқушылары "Еркін ел ұрпағы" тақырыбында жалпыұлттық патриоттық диктант жазды.

Ағымдағы жылдың 13 мамыр күні мектеп бітіруші түлектері "Жасыл мекен" республикалық челленджіне үлес қосып, мектеп ауласына ағаш көшеттерін отырғызды. Экологиялық акцияға Қарашалғын ауыл округінің әкімі Ә. Тажмағанбетов қатысып, түлектерге өз алғысын білдірді. Табиғат пен қоршаған ортаға деген құрметті арттыру әр азаматтың борышы деп білеміз.

2023 жылдың 13-мамыр күні мектепті осыдан 45,40,35,30,25,20,15,10 жыл бұрын бітірген түлектерінің кездесуі өтті. Кездесу барысында шағын концерт

ұйымдастырылды. Мектеп түлектері Алтын ұя мектептеріне балаларға арналған спорттық ойын алаңын сыйға тарту етті. Сонымен қатар осы кездесуге Қарашалғын ауыл округінің әкімі Ә. Тажмағанбетов қатысып, түлектерге алғыс білдірді.

Ағымдағы жылдың 20 мамыр күні Қорғалжын ауданы әкімдігі ұйымдастыруымен Әділхан Шабатовтың 90 жылдығына арналған және Қорғалжын ауданы білім мекемелерінің оқушылар арасында екінші мәрте "Жігер" спартакиадасы Жантеке ауылында өткізілді. Спорттық іс шараға Қорғалжын ауданы әкімінің орынбасары Дарын Сабырғалиұлы, білім бөлімінің басшысы Сауле Қуанышқызы, спорт ардагері Медеубаев Балташ, Жантеке ауылы округінің әкімі Әділхан Шәріпжанұлы, кикүшинкай Карате халықаралық дәрежедегі спорт шебері Имашев Азамат, 2023 жылы Өзбекстан елінде өткен бокс жарысында әлем чемпиондары атанған Тәшкенбай Санжар мен Оралбай Нұрбек, Иорданияда Азия чемпионы атанған Оралбай Айбек, Жантеке ауылының тумалары: кикүшинкай Каратеден Азия чемпионы, әлемнің күміс жүлдегері Аманов Айбек, Тайский бокстан әлем чемпионы Ахметов Медет, кикбоксингтен екі дүркін Азия чемпионы Қуандық Батырхан, Жантеке ауылының Құрметті азаматы Имашев Қинаят, жеке шаруашылық қожалық басшылары, ауыл округі әкімдері, білім мекемесінің басшылары, ауданымыздың білім мекемелері, дене шынықтыру пәні мұғалімдері, аудандық спорт бөлімі мамандары, спорт жанашырлары қатысты. Спартакиада барысы волейбол, футбол, тоғызқұмалақ, асық ату, дзюдо, президенттік көпсайыс, теннис спорт түрлерін қамтыды. Арнайы ат басын тіреп келген чемпиондарға ел ағалары Дархан Мергенбаев, Бақытжан Түсіпбеков, Мухамеджан Тынысбеков, Абай Медеубаев, Жеңіс Жарылқасымов, Таубажан Айтилеуов сәйгүлік мінгізіп, иықтарына ұлттық шапан жапты. Спартакиада жеңімпаздары бойынша командалық орындарға ақшалай сыйлық сертификатын Медеубаевтар отбасы тарту етті. 1 орын А.Төлеубаев атындағы ЖОББМ 500 000 теңге, 2 орын Қорғалжын ауылының мектеп гимназиясы 300 000 теңге, 3 орын А.Үсенов атындағы Сабынды ауылының ЖОББМ 200 000 теңге сертификатын иеленді. Дзюдо жарысында 1 орын Қорғалжын командасына 100 000 теңге, 2 орын Жантеке командасына 50 000 теңге, 3 орын Амангелді командасына 50 000 теңге ақшалай сыйлықты Дарын Сабырғалиұлы мен Аманжолов Әліби өз аттарынан ұсынды. Мектеп мұражайына Тәшкенбай Санжар мен Оралбай Нұрбек бокс қолғабын естелікке тарту етті. Жерлесіміз чемпион Ахметов Медет 40 оқушыға Астана қаласындағы ойын-сауық парк орталығына билет сыйлығын жасады. Ауқымды спорттық іс шарада "Ақжол-2030" жеке шарушалық серіктестігінің басшысы Жеңіс Жарылқасымов қатысушыларды "Жакен" мейрамханасында тегін тамақпен қамтыды. Спорттық іс шарада оқушыларға ата-аналар өз тараптарынан би киім үлгісін ұсынды. Жантеке ауылында өткізілген спартакиадаға өз үлестерін қосып, қолдау білдірген азаматтарға, аудандық

Кенжебек Күмісбеков атындағы мәдениет үйі мамандарына және мектеп ұжымына, сонымен қатар ауқымды бірлескен жұмыста қолдау білдірген Қарашалғын ауыл округінің әкімі Тажмағанбетов Әділхан Шәріпжанұлына ұжым атынан алғыс білдіремін! Жантеке ауылы көркейіп, өркендей берсін! Ел азаматтарының ауылға қосқан үлестері жылдан жылға арта берсін!!!

"Жігер" спартакиадасында футбол түрінен Жантеке ауылының ЖОББМ-ның командасы жүлделі 3 орын иеленді, жетекшісі -Момбаев Е. Ш. Оқушыларды жеңісімен құттықтаймыз!!!

2023 жылдың 23- мамыр күні мектебімізде "Бастауышым -балбұлағым " тақырыбында бастауышпен қоштасу ертеңгілігі өткізілді, мұғалімі Нурабаева Г.К Ертеңгілікке ата-аналар мен ұстаздар қатысып, оқушылардың өнерлерін тамашалады.

2023 ж.23-25 мамыр Степногорск қ-да дзюдодан 2008-2009 ж.т., жасөспірімдер арасында Ақмола облысының біріншілігінде спортшыларымыз жүлделі орындарға ие болып, маусым айында Өскемен қ-да өтетін ҚР Чемпионатына жолдама алды.

🥇 I орын, Аман Нұрдаулет 81 кг

Алдағы үлкен жарыста жеңіс пен сәттілік тілейміз! 🏆 🥇 🥈 🥉

Бапкерлері Енсебаев Мұратғали

Арықты ауылында 26 мамыр күні бастауыш сыныптар арасында "Абай оқулары" аудандық байқауында "Өлең сөздің патшасы,сөз сарасы" номинациясына өз білімімен, өз өнерімен ерекшеленіп бас жүлдені Танырберген Жансезім иеленді сонымен қатар Абайдың қарасөздері номинациясы бойынша Жүніс Мақпал бас жүлде "Көңілім әнді сүйер" номинациясы бойынша Сержант Санжар бас жүлдеге иеленді.Жетекшісі Нурабаева Гулшат Каулановна

2023 жылдың 27 мамыр күні Қорғалжын ауданы білім беру мекемелері арасында "Мұғалім -2023" спартакиадасында мектеп ұстаздары дене шынықтыру пәні мұғалімдері Узбай Бақтияр Бөгенбайұлы үш сайыс жарысынан жүлделі 1 орын, асық ату жарысынан Қайрбек Ардақ Қайратұлы жүлделі 2 орын иеленіп келді. Жүлделі орын иелерін құттықтаймыз, еңбектеріңе табыс тілейміз!

Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық зерттеулер жобалар конкурсының аудандық кезеңде жұмыстың өзектілігі,мазмұн сапасы,зерттеу

әдістері,ғылыми практикалық құндылығы,жобаны ғылыми бағытта ұстанып жүрделі I орынды мектебіміздің 7 сынып оқушысы Жаманбаева Айым иеленіп келді.Жетекшісі Ләкетқызы М

Жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық зерттеулер жобалар конкурсының аудандық кезеңде жұмыстың өзектілігі,мазмұн сапасы,зерттеу әдістері,ғылыми практикалық құндылығы,жобаны ғылыми бағытта ұстанып мектебіміздің 4"А"сынып оқушылары Жүніс Мақпал және Танырберген Жансезім III орынды иеленді.Жетекшісі Нұрабаева Гүлшат Каулановна

Ағымдағы жылдың 1 маусым күні мектепте "Сыңғырла, соңғы қоңырау! "атты салтанатты жиын өтті. Жиынға ауыл округінің әкімі Ә. Тажмағанбетов, Қорғалжын аудан әкімінің аппарат жетекшісі Дархан Валиханұлы, аудандық білім бөлімінің тәрбие әдіскері Асема Алдабергенқызы қатысып, жас түлектерге сәттілік тіледі, сонымен қатар, Алтын белгі үміткері Боранбекова Аягөзге Қорғалжын ауданы білім бөлімінің басшысы Сауле Қуанышқызы атынан арнайы сыйлық ұсынды. Жас түлектер Алтын ұя мектептеріне және ұстаздарға өз алғыстарын білдірді.

Тәрбие орынбасары:
Кенжибаева А.Т

Мектептің миссиясы— өзара тәуелділік әлемде оқушылардың бейімдеушілік қабілетінің өзара байланыстылығын дайындау және оқыту – тәрбиелеу процесі барысында оқушылардың өздігінен жүзеге асыруына жағдай жасау, құзіреттілік жолын дамыту.

Мақсаты— біріктірілген және ықпалдасқан ұйымдастырушыларды, әдістемеленушілік, ғылымилық, кадрлік, ресурстарды және басқарушылықты күшейту, педагогикалық ғылыми принциптер жүйесін пайдалану кезінде және жоғарғы заңдылық мақсаттарға жетуге байланысты сапа деңгейіне қызмет істеу және дамыту, жеке тұлғаның үйлесімділігінің қалыптасуы негізінде, жоғары білім беруін үйлестіру, мәдениеттілікті, адамгершілікті, шығармашылыққа бағыттау, қазіргі заманғы қоғамдық өмірге дайындау.

Міндеттер:

1. Мектеп жүйесінің дамытып тәрбиелеу тақырыбы бойынша, **«Оқушының тұлғалық мақсаттарының қалыптасуы арқылы адамгершілікті – шығармашылықты - әлеуметтендіруді дамыту»**
2. Оқу және еңбек қарым – қатынасында адал ниетті қалыптастыру. Оқушылардың тұлғааралық қатынастарындағы төзімділікті қалыптастыру, өздігінен білім алу және жан – жақты шығармашылық қабілетілігін дамыту. Жеке тұлғалықты ,зияткерлікті, адамершілікті, және руханилықты оқушыларда дамытуға жағдай жасау.
3. Азаматтық – отандық сезімдерді қалыптастыру, өз елінің тарихын және мәдениетін құрметтеу,қазақ тілін,тарихын, қазақ халқының мәдениетін оқыту мысалында шыдамшылық мінез –құлқын тәрбиелеу. Жалпы адамгершілік ережесін , мәдениетін,рухани байлығының сұранысын қалыптастыру,әр оқушының шығармашылық құдіретін дамыту және әртүрлі сала қызметтерде жүзеге асырылуы.
4. Оқушылық өзін – өзі басқарудың тиімділік нысанасын дамыту. Оқушылардың әлеуметтік белсенділігінің жоғарлауы,олардың өз беттілігін және жауапкершілікгін балалар өмірінің жұптық және социуымдарын ұйымдастыру. Қоғамдық және адагершілік қарым –қатынастар,маңызды өмірлік мәселелері бойынша қоғамдық пікірді қалыптастыру.
5. Дені сау өмірілік бейнесін тәрбиелеу жұмысын жетілдіру. Дені сау өмірілігік сұранысын қалыптастыру.
6. Әлеуметтік – психологиялық көмекті оқушыларға жеделдету
7. Жасөспірімдер арасындағы құқықбұзышулық шараларын алдын алу.
8. Инклюзивті білім беруді жүзеге асыру;
9. Қауіпсіз аймақ бойынша оқушылар мен педагогтердің, қызметкерлердің қауіпсіздігін сақтау мақсатында қауіпсіздік ережелерінің алгоритмін қалыптастыру.

2023-2024 оқу жылына арналған мектеп тақырыбы

«БІЛІМ БЕРУ САПАСЫН АРТТЫРУ ЖӘНЕ ПЕДАГОГИЯЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫҢ БІЛІМ БЕРУДІҢ ЖАҢАРТЫЛҒАН МАЗМҰН ЖАҒДАЙЫ»

Мақсаты: мектеп миссиясын іске асыру және бәсекеге қабілетті жеке тұлға қалыптастыру үшін оңтайлы дамушы білім беру ортасын құру.

Міндеттері:

1. Қауіпсіз және жайлы оқу ортасын қамтамасыз етілсін
2. Оқушыларға, мұғалімдерге және оқу орындарына озық тәжірибелерге негізделген сапаны бағалаудың жаңартылған жүйесін енгізу
3. Оқушының интеллектуалдық, рухани-адамгершілік және физикалық дамуын, бірдей идеялық-құндылықтық тәсілдер бойынша білім беру мен тәрбие жүйесін құру
4. Мұғалімдердің оқыту және тәрбиелеу сапасын жақсартуға деген ынтасын арттыру үшін еңбек жағдайларын жақсарту
5. Мұғалімдер ұжымы дайын болған кезде және оқушылар мен олардың ата-аналарының тілектерін ескере отырып, жеке пәндерді үш тілде оқуға кезеңмен көшуді қамтамасыз ету
6. Орта жалпы білім беру жүйесіндегі басым бағыттардың бірі ретінде мемлекеттік тілді оқытуды ғылыми-әдістемелік қамтамасыз етуді күшейту
7. Мектептің дамуын басқаруда бірлескен жобалауды қолдану арқылы оқу орнының мемлекеттік-қоғамдық басқарылуын қамтамасыз ету.
8. Өмір бойы білім алуға қажетті кәсіби дағдылары бар тұлғаның қалыптасуына жағдай жасаңыз.
9. Мектептің білім беру кеңістігінің даму мониторингін жасау.

2023-2024 оқу жылына арналған әдістемелік тақырыбы:

«Білім алушылардың білім мен білік дағдыларын қалыптастыру жолында жаңа әдіс-тәсілдерді қолдану»

Мақсаты: қазіргі заманғы сабақты өткізу әдістері мен оның жалпы дидактикалық талдауы саласындағы мұғалімдердің теориялық және практикалық білімдерін арттыру, педагогикалық ынтымақтастық жұмысын жүзеге асыру.

Міндеттері:

- Қазіргі заман талабына сай теорияны зерделеу арқылы мектептің оқыту жүйесін модернизациялауды жалғастыру;
- Оқу –тәрбие процесінде қазіргі заманғы білім беру технологияларын неғұрлым белсенді және тиімді пайдалану, атап айтқанда - іздестіру және зерттеу жұмыстары, жобалық жұмыстар;
- Мектептегі материалдық-техникалық базаны ескере отырып, сабақ өткізу кезінде ақпараттық технологияны қолдану аясын кеңейту: мұғалімнің жұмыс орны, интерактивті тақта;
- Дарынды балаларды іздеу және қолдау жүйесін құру және оқу кезінде оларды қолдау;
- Үлгерімі нашар оқитын оқушылармен жұмысты жақсарту

II бөлім: тегін жалпы білім беруге бағытталған мектеп әрекетін ұйымдастыру

№	Атқарылатын жұмыстың мазмұны	жауаптылар	мерзімі
1	1 сынып оқушыларды қабылдау үшін алдын ала дайындық жасау, электронды партолында қабылдау	мектеп әкімшілігі	мамыр-маусым
2	сыныптарға жаңадан оқушылар қабылдау, олардың жасын, тиісті құжаттарын тексеріп анықтау, жеке сыныптарға бөлу.	ОІМ	тамыз
3	Жалпыға бірдей міндетті оқу заңын жүзеге асыру мақсатында балалар есебін жүргізу бойынша мөлтек аудан үйлерін бекіту.	ОІ	тамыз
4	Жеке сыныптар бойынша оқушылар санын анықтау. Сынып жетекшілердің есебін тексеріп бекіту. Мектеп бойынша аудандық білім бөліміне есеп тапсыру.	мектеп әкімшілігі	04.-10.09
5	Күнделікті оқушылардың сабаққа қатысуын бақылау, себепсіз қалған, не кешіккен оқушыларды арнайы журналға белгілеу, олардың себебін тексеріп, тиісті шаралар қолдану.	тәлімгер	күнделікті
6	Қамқорлықтағы балаларға көмек көрсету жұмыстарын жүзеге асыру.	Тынысбек А.Ж.	жыл бойы
7	Мектеп жанындағы асхананың жұмысын жолға қою	мектеп әкімшілігі	тамыз
8	«Мектепке жол» акциясын ұйымдастыру.	мектеп әкімшілігі	тамыз
9	Нашар үлгеретін оқушыларды ерекше тізімге алу, олардың сабақ үлгерімін бақылап отыру, жеке жұмыс жүргізу.	Тынысбек А.Ж.	жыл бойы
10	Тәрбиесі қиын оқушыларды тізімге алу, олардың сабақ үлгерімін бақылау, жеке жұмыстар жүргізу.	Смагулова Ж.Ғ.	жыл бойы
11	Барлық оқушыларды тегін оқулықтармен қамтамасыз ету.	Имашева Э.С.	тамыз
12	Мектеп бітіруші 9-11 сынып оқушыларын еңбекке орналастыру, кәсіптік бағдар беру.	сынып жетекшілері	тоқсан сайын
13	Кәсіптік білім беру жүйесі	Момбаев Е.Ш.	жыл бойы
14	Балалардың денсаулығына медициналық бақылау жасау: <ul style="list-style-type: none"> - Оқушыларды жаппай тексеруден өткізіп отыру - Денсаулығы нашар балаларды есепке алу, олардың емделуіне көмектесу - Санитарлық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуын 	Касымова Г.И.	жыл бойы

	қадағалау		
15	Ерекше білім беруді қажет ететін балалармен жұмыс жүргізу	Смагулова Ж.Г.	жыл бойы
16	Тіл кемістігі бар оқушылармен жұмыстар жүргізу	Балгожина Б.С.	жыл бойы
17	Аз қамтылған отбасы оқушыларының тегін тамақпен қамтылуын қадағалау	Тынысбек А.Ж.	жыл бойы
18	Инклюзивті білім беруді жүзеге асыру	Смагулова Ж.Г.	жыл бойы

III бөлімі: Педагогикалық кадрлармен жұмыс

№	Атқарылатын жұмыстың мазмұны	жауаптылар	мерзімі
1	Мектеп әкімшілігі мүшелерінің арасында міндеттереді бөлу	Асанова Қ.А.	тамыз
2	Мұғалімдердің жүктемесі, кабинет меңгеру, үйірме жұмыстары, сынып жетекшілерді тағайындау	Асанова Қ.А. Қошқарбаев Ж.Қ.	тамыз
3	педагог кадрларды аттестациядан өткізу тәртібі	мектеп әкімшілігі	дер кезінде
4	Жас мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету	Қошқарбаев Ж.Қ.	жыл бойы
5	Мұғалімдерді жаңартылған білім мазмұны бойынша курстарға қатыстыру	мектеп әкімшілігі	кесте бойынша
6	Инклюзивті білім беру-заман талабы	педагогтар	күнделікті
7	ҚР «Педагог мәртебесі» туралы Заңын жүзеге асыру	педагогтар	жыл бойы
8	Озат педагогикалық тәжірибе мектебін ұйымдастыру: Асанова М.А. Ильясова Г.Н. Нурабаева Г.К.	Қошқарбаев Ж.Қ.	жыл бойы
9	Жоғарғы оқу орындарында сырттан оқитын мұғалімдерге көмек көрсету, жағдай жасау, бос күнін беру, оқуға өз уақытында жіберу, бақылап, тексеру	мектеп әкімшілігі	қажетті уақытта
10	Өз тәжірибелерін әдістемелік басылымдарға жариялау	пән мұғалімдері	жыл бойы
11	Мұғалімнің үй-жайымен таныс болу, көмек көрсету	мектеп әкімшілігі	жыл бойы
12	Мұғалімдердің мәдени демалысын ұйымдастыру және денсаулығын сақтауға қамқорлық жасау, марапаттау	Момбаев Е.Ш.	жыл бойы
13	Педжым арасында еңбек тәртібін бұзған не басқа моральдік қателіктер жіберген мұғалімдерді дер кезінде ұжымда талқылап, қоғамдық пікір туғызу, тиісті шаралар қолдану	Әдеп кеңесінің комиссия құрамы	жыл бойы
14	Педагог мамандардың күнтізбелік-тақырыптық жоспарлары мен күнделікті сабақ жоспарларының орындалуын, электронды күнделік журналдың толтырылуын қадағалау	мектеп әкімшілігі	I,II жартыжылдық күнделікті
15	«Шебер педагог», «Майталман сынып жетекші», «Үздік тәрбиеші», «Мастер класс», «Сабақты зерттеу», «Үздік оқушы», «Абай оқуы», «Үздік портфолио» байқауларын, коучинг, практикум семинарлар ұйымдастыру	мектеп әкімшілігі	жоспарға сәйкес

IV бөлімі: Оқу-тәрбие жұмысын педагогикалық және методикалық бақылау

№	Атқарылатын жұмыстың мазмұны	жауаптылар	мерзімі
1	ӘБ жылдық жоспарын жазып, мәжілісте әдістемелік актуальды мәселе талқылай отырып, озық тәжірибені тарату	Қошқарбаев Ж.Қ. мұғалімдер	қыркүйек
2	Өзара тәжірибе алмасу мақсатында 1-4 сынып мұғалімдері мен пән мұғалімдерінің бір-біріне сабаққа қатысуын жетілдіру	пән мұғалімдері	жыл бойы
3	Әдістемелік кабинетті оқулықтар мен методикалық әдебиеттермен, жинақтармен, оқу бағдарламаларымен толықтырып отыру	ОІМ	жыл бойы
4	1-11 сыныптарда жаңа бағдарламалық материалды тақырыптық жоспарлау	ОІМ	қыркүйек
5	5-ші сынып оқушыларының бейімділігін қалыптастыру	сынып жетекшілер	қыркүйек
6	Тақырыптық аралық бақылау ұйымдастыру	мектеп әкімшілігі	жоспар бойынша
7	Сынама бақылау жұмыстарын жүргізу және тексеру	ОІМ	ай сайын
8	ББЖ, ТЖБ орындалуын қадағалау	ОІМ пән мұғалімдері	тоқсан сайын
9	Директорлық бақылау жұмыстарын алу	Асанова Қ.А.	желтоқсан, мамыр
10	Факультативтік оқуға топтарды ұйымдастыру	ОІМ	жыл бойы
11	Үйірме жұмыстарын бақылау	Кенжибаева А.Т.	жыл бойы
12	Оқушылардың жеке іс-қағаздарын, күнделіктерін тексеру	Қошқарбаев Ж.Қ. Кенжибаева А.Т.	ай сайын
13	1-4 сынып оқушыларының оқу дағдыларын тексеру	БЖ	тоқсан соңында
14	Еңбек, өндіріс негіздері пәндерін оқытудың жайы, жоғарғы сынып оқушыларын еңбекке дайындау және кәсіптік бағдар беру	сынып жетекшілері	жыл бойы
15	Ән және музыка, көркем еңбек, әдебиет, тарих сабақтарында эстетикалық тәрбие беруге машықтандыру	пән мұғалімдері	жыл бойы
16	Салуатты өмір салтын ұстануға қалыптастыру, спорт сайыстарын ұйымдастыру	дене шынықтыру мұғалімдері	жыл бойы
17	География, биология сабақтарында экологиялық тәрбие жұмыстарын бақылау	Кенжебаева А.Т.	жыл бойы
18	«Зерде» кіші ғылыми жоба қоғамын құрып, жұмысын жүргізу	ОІМ Пән мұғалімдері	жыл бойы
19	Мектеп оқушыларын патриоттық	Кенжибаев Б.К.	жыл бойы

	тәрбиеге баулу, «Мәңгілік ел» идеясын жандандыру	Бейсенбаева Б.К.	
20	Мектеп бітіру емтихандарын жоспарлау, құжаттарын дайындау, емтихан кестесін бекіту	Асанова Қ.А. Қошқарбаев Ж.Қ.	сәуір

V бөлім: Оқу-тәрбие үрдісіне басшылық ету

№	Атқарылатын жұмыстың мазмұны	жауаптылар	мерзімі
1	Педагогикалық кеңестер: - тоқсандық оқу үлгерімінің қорытынды сараптамасы - пәндер бойынша білім сапасының деңгейі - тоқсандық мониторинг, рейтинг	Қошқарбаев Ж.Қ.	тоқсан соңы
2	Директор жанындағы кеңестер: - мектепшілік жетекшілік бақылау - оқу-тәрбие үрдісінің атқарылған есебі - мектепшілік іс-шаралар жоспарының орындалуын бақылау	Асанова Қ.А.	жоспарға сәйкес
3	Жаңа оқу жылына тәрбие жұмысы мен сыныптан тыс жұмыстың жоспарын бекіту	Асанова Қ.А.	тамыз
4	Ерекше білім беруді қажет ететін балаларды қолдау кабинетінің жұмысын бақылау	мектеп әкімшілігі	тамыз-қыркүйек
5	Пән кабинеттерін толықтыру, жабдықтауға байқау, айлық жариялау	мектеп әкімшілігі	қазан
6	Пән олимпиадасының өткізілу деңгейін бақылау	Қошқарбаев Ж.Қ.	қараша
7	Пән апталықтарына, марафон, интеллектуалды сайыстарға, сабақтан тыс және тәрбие жұмыстарына қатысу	мектеп әкімшілігі	жоспарға сәйкес
8	«Үлгілі дәптер», «Таза күнделік», «Менің оқулығым», «Мен оқыған кітап» апталығын ұйымдастыру	сынып жетекшілер	желтоқсан
9	Сыныптан тыс оқуды жақсарту үшін сынып бұрыштарында оқуға тиісті көркем әдеби шығарманың тізімдерін анықтау, оқырмандар конференциясын өткізу, ауыл кітапханасына саясат жасау	кітапханашы сынып жетекшілер	тоқсан сайын
10	Жаңа технология үрдісіндегі инновациялық, панорамалық сабақ үлгілерін ұйымдастыру	Қошқарбаев Ж.Қ. пән мұғалімдері	тоқсан сайын
11	Мектепшілік, аудандық, облыстық конференцияларға қатысуды ұйымдастыру	мектеп әкімшілігі	жоспарға сәйкес
12	Желілік қоғамдастық жұмысын жүргізу	мектеп әкімшілігі	тоқсан сайын

VI бөлім: Ата-аналармен, отбасымен және қоғамдық ұйымдармен, демеушілермен жұмыс

№	<i>Атқарылатын жұмыстың мазмұны</i>	<i>жауаптылар</i>	<i>мерзімі</i>
1	Тамыз және мамыр айларында ата-аналармен жиналыстар өткізу	мектеп әкімшілігі	тамыз мамыр
2	«Мектепке жол» акциясын ұйымдастыру	Кенжибаев А.Т. Тынысбек А.Ж.	тамыз
3	Ата-аналар жиналыстарының тақырыптарын белгілеу	Кенжибаева А.Т.	жоспар бойынша
4	Ата-аналар үшін ашық есік күнін өткізу	сынып жетекшілер	жоспарға сәйкес
5	Ауылдағы жеке жауапкершілігі шектеулі серіктестермен байланыс жасау	Асанова Қ.А.	жыл бойы
6	Отбасы, әдеп психологиясы және этика сабақтары бойынша ашық сабақ тәрбие сағаттарын өткізу	Смагулова Ж.Ғ.	жоспар бойынша
7	Ата-аналар арасында сауалнама жүргізу, тренинг ұйымдастыру	Бейсенбаева Б.К. Смагулова Ж.Ғ. Тынысбек А.Ж.	жыл бойы
8	«Асыл ана», «Ардақты әке» клубын ұйымдастыру	Бейсенбаева Б.К.	қыркүйек
9	Әлеуметтік төмен отбасымен жеке жұмыстар жүргізу	Тынысбек А.Ж.	ай сайын
10	Қамқоршылық кеңес отырысы	Кенжибаева А.Т.	жоспар бойынша
11	«Алтын ұя-мектебім» түлектермен кездесу өткізу	мектеп әкімшілігі	мамыр
12	«Оқуға құштар мектеп» жобасын жүзеге асыру	ата-аналар, ұжым	ай сайын

VII бөлім: Материалдық- техникалық базасын нығайту және шаруашылық жұмыс

№	Атқарылатын жұмыстың мазмұны	жауаптылар	мерзімі
1	Пән кабинеттерін есепке алу, кабинет меңгерушілерінің жауапкершілігіне тапсыру	Асанова Қ.А. Қошқарбаев Ж.Қ. Исин Қ.Т.	тамыз
2	Кабинет құжатын жасау, кабинет меңгерушісінің жоспарын бекіту	Асанова Қ.А. кабинет меңгерушілері	қыркүйек
3	Кабинеттерді техникалық құралдармен толықтырудың перспективалық жоспарын жасау	кабинет меңгерушілері	тамыз
4	Қауіпсіздік шаралары: бейнабақылау, дабыл түймесінің жұмысын бақылау	Асанова Қ.А. Исин Қ.Т.	тамыз
5	«Кедергісіз аймақ»		
6	Жеке пәндер бойынша кабинеттердің жұмысына жәрдем беретін қоғамдық негізде лаборанттар белгілеу, олармен жүйелі жұмыс жүргізу, инструктаж өткізу, кезекшілер тағайындау	әкімшілік	қыркүйек
7	Мектептегі электр жүйесін тексеру, қалпына келтіру	Исин Қ.Т. Махметов Д.	тамыз
8	Мектепте өрт сөндіретін аспаптарды жөндеу, дайындап қою. Мектепте өртке қарсы шараларды қатаң сақтау. Арнайы бұрыш жасап, көрнекті жерге іліп қою.	Исин Қ.Т.	тамыз
9	Мектеп ғимаратын қысқы маусымға дайындау.	Исин Қ.Т.	тамыз
10	Мектеп ғимаратын жылытатын котельный жүйесін ағымды жөндеуден өткізу	Асанова Қ.А. Исин Қ.Т.	тамыз
11	Мектеп тәжірибе учаскесіндегі күзгі, көктемгі маусымдық жұмыстарды жүргізу	Исин Қ.Т.	жоспар бойынша
12	Еңбек сабақтарының базасын нығайту мақсатында кабинетке сұраныс білдіру	Асанова Қ.А.	қазан
13	Қажетті интерактивті тақталарға, спорттық заттарға сұраныс білдіру	Асанова Қ.А.	қазан

VIII бөлім: Инклюзивті білім беру

№	Атқарылатын жұмыстың мазмұны	жауаптылар	мерзімі
1	Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушыларды педагогикалық-психологиялық-медицианылық кеңес жұмысына өткізу	Смагулова Ж.Г. Балгожина Б.С. Тынысбекова А.Ж.	тамыз
2	Сынып жетекшілер мінездемесін жинақтау	сынып жетекшілер	тамыз
3	Ерекше білім беретін білім алушының ата-анасымен келісім шартқа отыру	Асанова Қ.А.	қыркүйек
4	Мұғалімдерге ерекше білім алатын білім алушылармен жұмыс жүргізу кеңестерін жүзеге асыру	Смагулова Ж.Г. Балгожина Б.С.	дер кезінде
5	«Инклюзивті-білім беру заман талабы» мектепшілік семинар	Смагулова Ж.Г. Балгожина Б.С. Тынысбекова А.Ж.	қазан
6	Шағын орталықтағы тіл кемістігі бар балалармен жұмыстың тиімділігі	Балгожина Б.С.	күнделікті
7	Ата-аналармен ынтымақтасқан жұмысты жандандыру	Смагулова Ж.Г. Балгожина Б.С. Тынысбекова А.Ж.	апта сайын
8	Өз білімін жетілдіру және тәжірибе алмасу	Смагулова Ж.Г. Балгожина Б.С. Тынысбекова А.Ж.	жоспарға сәйкес
9	Ата-ана, педагог, оқушыларға тренинг ұйымдастыру	Смагулова Ж.Г.	дер кезінде
10	Облыстық, аудандық онлайн байқауларына қатысу	Смагулова Ж.Г. Балгожина Б.С. Тынысбекова А.Ж.	дер кезінде

IX бөлім: Қауіпсіздікті сақтау шараларын жүзеге асыру

№	Атқарылатын жұмыстың мазмұны	жауаптылар	мерзімі
1	Мектеп турникетіне қажетті оқушылар мен педагогтерге, қызметкерлерге жеке карточкаларды тарату	Мухаметкалиева М.	тамыз
2	Мектеп күзетшілері мен мектеп вахтасына қауіпсіздік шаралары туралы ақпараттарды түсіндіру	Асанова Қ.А. Исин Қ.Т.	тамыз
3	Күнделікті таңертең сағат 07.00-де дабыл түймешегін басып, аудандық полиция бөлімімен кері байланыс жасау	күзетшілер	күнделікті
4	Мектептегі бейнебақылаудың жұмысын бақылау	Исин Қ.Т.	күнделікті
5	Мектепке бөгде адамдардың кіруіне жол бермеу	Бултирикова О. Гайли И.	күнделікті
6	Мектепке қажетті жағдайда келген адамдарды журналға тіркеп жазу	Бултирикова О. Гайли И.	дер кезінде
7	Мектептегі ішкі тәртіпті бейнебақылаудан қадағалау	Бултирикова О. Гайли И.	күнделікті
8	Білім алушылардың мектепке әкелуге тиым салынған заттардың әкелмеуін қадағалау	Кенжибаева А.Т. Бейсенбаева Б.К.	күнделікті
9	Антитеррорлық іс-әрекетке және қауіпсіздік шаралары бойынша оқу-жаттығу жұмыстарын өткізу	Асанова Қ.А. Исин Қ.Т.	қыркүйек қаңтар
10	Аудандық полиция бөлімімен бірлесе қауіпсіздік аймақ жоспарына келісім жасау	Асанова Қ.А.	қыркүйек